



МУХТАР АЗАЛЫ

№90
(2155)
Сенбі
14 қазан
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ОРМАНШЫЛАР КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Қазалы ауданы әкімдігінің мәжіліс залында орман шаруашылығы қызметкерлері күні мерекесіне орай салтанатты шара өтті. Шараға осы салада ұзақ уақыт еңбек еткен ардагерлер мен орманшылар қатысты.

Басқосуды аудан әкімі Мұхтар Оразбаев құттықтау сөз сөйлеп ашып, ізгі лебізін жеткізді.

– Орман – еліміздің баға жетпес байлығы, халықтың дәулеті, теңдесі жоқ экономикалық және экологиялық қорымыз. Қазақстанның шөлді аймағында орналасқан біздің аудан үшін орман шаруашылығының өз орны бар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында еліміздегі экология мәселесі басты назарда болу қажеттігін атап өтті. Президенттің тапсыр-



масына орай экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған жұмыстарды жоғары деңгейде атқару үшін қазалылық орманшыларға қолдау

көрсетіліп келеді.

Биылдың өзінде аймақ басшысының қолдауымен Қазалы аудандық орман және жануарлар дүниесін қорғау

мекемесіне вахталық автобус, автокөлік, 10 мотоцикл берілді. Орманшыларды қолдау шаралары алдағы уақытта да жалғасын табатын болады, – деді аудан әкімі.

Шарада Қазалы орман мен жануарлар дүниесін қорғау мекемесінің орман шебері Қайрат Төлегеновке Қазалы ауданының «Құрмет грамотасы» табысталды. Сондай-ақ, бірқатар орманшылар аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Салтанатты шарада ардагер орманшы Нұрлан Мұстафаев өздеріне көрсетілген құрметке алғысын айтып, ризашылығын білдірді.

Шара соңында аудан өнерпаздары мереке иелеріне арнап ән шырқап, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

ЖҰМЫС САПАСЫ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Әйтеке би кентіндегі Т.Бөріқұлақов, Қобыланды батыр, Жанқожа көшелерінің бойындағы көппәтерлі тұрғын үйлерді жөндеу жұмыстарын көрді.

Қазіргі таңда көппәтерлі тұрғын үйлердің шатыры жаңадан темір жабындылармен жабылып, тұрғын үйлердің қас беттерін әрлеу жұмыстары жүргізілуде.

Аудан басшысы Мұхтар

Әуесұлы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мұрат Әбсұлтанов пен мердігер мекеменің жауапты қызметкеріне жұмыстардың сапалы атқарылып, уақытылы аяқталуын тапсырды.

Көпқабатты үйлердің тұрғындары қамқорлығы үшін аудан басшысы

сына алғысын айтып, ризашылықтарын жеткізді.

Айта кетейік, ағымдағы жөндеу жұмыстары Әйтеке би кентіндегі В.Счастнов көшесіндегі №23 көппәтерлі тұрғын үйге де жүргізілетін болады.

Аудан басшысы мұнан соң Т.Бөріқұлақов пен Қ.Пірімов көшесінің аралығындағы Жанқожа батыр көшесіне жүргізіліп жатқан кеңейту жұмыстарын көрді.

ТҰҚЫМ БАҒЫ БӨЛІМШЕСІНІҢ ҚАЗЫҒЫ ҚАҒЫЛДЫ

Қазалы қаласындағы орман шаруашылығы мекемесінің жанынан экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында сексеуіл өсімдігін егетін тұрақты тұқым бағы бөлімшесінің қазығы қағылды.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Қазалы қаласының ардагерлері және орманшыларымен бірге құрылысы басталатын жаңа мекеменің қазығын қақты.

Қазалы қаласының тұрғыны, еңбек ардагері Ерсайын Байымбетов алда атқарылар жұмыстарға сәттілік тіледі.

Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме басшысының орынбасары Тілепберген Мұхамбетов жаңадан ашылатын бөлімшенің жұмысын арнайы әзірленген стенд арқылы түсіндірді.

Айта кетейік, аталған мекеме өз жұмысын бастағаннан кейін Бүкіләлемдік банктің қолдауымен Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы құм, тұз көшкінін тоқтату мақсатында аумағы 33,5 гектар жерге сексеуіл көшеттерін егумен айналысатын болады. Бүгінде мекемеге қажетті техникалар алынып қойылған.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ЖОБА

«Бірлік» ауылдық округі бойынша 2024–2025 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы.

Қ а з а қ с т а н Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 8-бабы 1) тармақшасына сәйкес, Қазалы аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған «Бірлік» ауылдық округі бойынша 2024-2025 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пай-

далану жөніндегі жоспары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы Аты-жөні
Қазалы аудандық мәслихатының
2023 жылғы « »
№ шешіміне қосымша

«БІРЛІК» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ 2024-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЫ

1) Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары;

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы;

4) ж а й ы л ы м пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы;

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымарға орналастыру схемасы;

6) «Бірлік» ауылдық округі (бұдан әрі – ауылдық округ) маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы

жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру;

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша «Бірлік» ауылдық округінде:

1 ауылдық елді мекен бар.

Бірлік ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 10109 гектар, егістік – 521 гектар; жайылым жерлері – 4292 гектар;

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 941 гектар; елді мекен жері - 1756 гектар;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер - 1131 гектар; шабындық-848 гектар; тыңайған жерлер-30 гектар; каналдар, құрылыс асты жерлер-130 гектар;

Табиғи жағдайлар бойынша «Бірлік» ауылдық округінің аумағы, климаты тым континенттік, қысы біршама суық, жазы ыстық әрі қуаң, аңызқты келеді. Қаңтар айындағы ауаның жылдық орташа температурасы — 9–13°C, шілдеде — 27–29°C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері — 100–150 мм. Топырағы солтүстігінде сұр, құмайтты сұр, тақыр

және тақыр тәрізді топырақ, орталық бөлігінде құмайтты сұр, бозғылт сұр, Сырдария аңғары мен жайылмасында шалғынды топырақ және шалғынды-батпақты топырақ қалыптасқан.

«Бірлік» ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және ШҚ) ірі қара 805 бас, оның ішінде 384 бас аналық мал, 1890 бас ұсақ мал, 560 бас жылқы бар. Оның ішінде: «Бірлік» ауылында: жеке тұрғындарда ірі қара мал 607 бас, оның ішінде аналық мал 308 бас, ұсақ мал 1881 бас, жылқы 453 бас.

Жайылым көлемі 892 гектар;

ЖШС, Шаруа қожалықтарында:

ірі қара мал 198 бас, оның ішінде аналық мал 76 бас, жылқы 107 бас, уақ 9 бас;

Жайылым көлемі 3400 гектар.

«Бірлік» ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы малдарын қамтамасыз ету үшін барлығы 4292 гектар жайылымдық жерлер бар. «Бірлік» ауылдық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 15 бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтажы үшін (Бірлік елді мекені.) ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (са-

уын) мал басын ұстау бойынша 3388 гектар көлемінде, жүктеме нормасы 11,0 гектар/бас болғанда артық +904 гектар құрайды. Жайылымдық жерлердің қалыптасқан қажеттілігін Мемлекет мұқтажы үшін жерлерді сатып алу есебінен толықтыру қажет.

Жергілікті халықтың басқа ауыл шаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жерлердің қажеттілігі 12502 гектар, ІҚМ басына жүктеме нормасы 11,0 гектар / бас болғанда., Ұсақ мал – 2,2 гектар / бас., жылқы –13,2 гектар/ бас.

Қажеттілік:

ІҚМ үшін - 607 бас. x 11,0 гектар/бас = 6677 гектар;

ұсақ мал үшін - 1881 бас. x 2,2 гектар/бас.= 4138 гектар;

жылқы үшін - 453 бас. x 13,2 гектар / бас. = 5979 гектар;

6677 гектар + 4138 гектар + 5979 гектар = 16794 гектар.

Жайылым алқаптарының қалыптасқан қажеттілігі 16794 гектар көлемінде.

Осы Жоспардың–қосымшасына сәйкес «Бірлік» ауылдық округінің жергілікті халқының ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын «Қызылқұм» ауылдық округінің шалғайдағы жайылымдарына ауыстыру есебінен 4292 гектар жайылымдық жерлердің қалған 12502 гектар қажеттілігін өтеу қажет.


«Бірлік» ауылдық округі әкімінің аппараты

«БІРЛІК» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ АУМАҒЫНДАҒЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ МЕНШІК ИЕЛЕРІ ТІЗІМІ

№	Жер учаскелерін пайдаланушылардың атауы	Жайылым алаңы, (га)	Түрлері бойынша малдың болуы (бас)			Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас (га)			Жайылымдардың қажеттілігі, (га)				Артық жайылымдар, (га)
			МІҚ	УАҚ	Жылқы	МІҚ	УАҚ	Жылқы	МІҚ	УАҚ	Жылқы	барлығы (га)	
1	«Алшын» ЖШС	2800	-	-	-	11	2,2	13,2	-	-	-	-	+2800
2	«Шакизада » ш/қ С.Мәлиев	180	92	-	36	11	2,2	13,2	1012	-	475	1487	- 1307
3	«Әбдір Б» ш/қ Б.Әбдір	75	4	9	39	11	2,2	13,2	44	20	515	579	-504
4	«Масақ» ш/қ К. Иманбаева	100	15	-	-	11	2,2	13,2	165	-	-	165	- 65
5	«Аташова Айпатша» ш/қ	245	-	-	-	11	2,2	13,2	-	-	-	-	+245
	Всего:	3400	211	9	75				1221	20	990	2231	1169

Бірлік ауылдық округінде
2024-2025 жылдарға арналған
жайылымдарды және оларды пайдалану
басқару жөніндегі жоспарға
1-қосымша

**БІРЛІК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ АУМАҒЫНДА ЖАЙЫЛЫМНЫҢ ОРНАЛАСУ СХЕМАСЫ
ЖЕР КАТЕГОРИЯЛАРЫ, ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІ МЕН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІ КОНТЕКСТІНДЕ НҰСҚАУЛЫҚ НЕГІЗІНДЕ**



ПРОЕКТ

Об утверждении Плана по управлению пастбищами и их использованию по сельскому округу Бирлик на 2024-2025 годы

В соответствии с подпунктом 1) статьи 8 Закона Республики Казахстан «О пастбищах», Казалинский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить прилагаемый План по управлению пастбищами и их использованию по сельскому округу Бирлик Казалинского района на 2024-2025

годы.

2. Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Должность **ФИО**

Приложение к решению

Казалинского районного маслихата от

« » _____ 2023 года №

**ПЛАН ПО УПРАВЛЕНИЮ ПАСТБИЩАМИ И ИХ ИСПОЛЬЗОВАНИЮ
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА БИРЛИК НА 2024-2025 ГОДЫ**

1) Схема (карта) расположения пастбищ на территории в разрезе категорий земель, собственников земельных участков и землепользователей на основании правоустанавливающих документов;

2) приемлемые схемы пастбищеоборотов;

3) карта с обозначением внешних и внутренних границ и площадей пастбищ, в том числе сезонных, объектов пастбищной инфраструктуры;

4) схема доступа пастбищепользователей к водоисточникам (озерам, рекам, прудам, копаням, оросительным или обводнительным каналам, трубчатым или шахтным колодцам), составленную согласно норме потребления воды;

5) схема перераспределения пастбищ для размещения поголовья сельскохозяйственных животных физических и (или) юридических лиц, у которых отсутствуют пастбища, и перемещения его на предоставляемые пастбища;

6) схема размещения поголовья сельскохозяйственных животных на отгонных пастбищах физических и (или) юридических лиц, не обеспеченных пастбищами, расположенными в сельском округе Бирлик; (далее сельский округ);

По административно-территориальному делению в сельском округе Бирлик имеются 1 сельских

населенных пункта.

Общая площадь территории сельского округа Бирлик 10109 гектар, из них пашни – 521 га, пастбищные земли – 4292 гектар.

По категориям земли подразделяются на:

земли сельскохозяйственного назначения – 941 гектар;

земли населенных пунктов – 1756 гектар;

земли промышленности, транспорта, связи, для нужд космической деятельности, обороны, национальной безопасности и иного несельскохозяйственного назначения – 1131 гектар;

сенокос- 848 гектар, залежь- 30 гектар, каналы, подстройки -130 гектар

По природным условиям территория Бирликского сельского округа находится в пределах степной зоны и по агроклиматическим районам: незначительно засушливом умеренно теплом (центральная и южная часть) и засушливом умеренно теплом (северная часть), которые характеризуются всеми чертами континентальности: суровой продолжительной зимой, коротким умеренно жарким летом, резкими контрастами температур зимы и лета, малым количеством годовых осадков.

В сельском округе Бирлик насчитывается (личное подворье населения и поголовье ТОО, КХ) крупного рогатого скота 805 голов, из них маточное поголовье 384 голов, мелкого рогатого скота 1890 голов, 560 головы лошадей. Из них:

в селе Бирлик в частном секторе:

крупного рогатого скота 607 головы, из них маточное поголовье 308 голов, мелкого рогатого скота 1881 головы, 453 головы лошадей.

Площадь пастбищ составляет 892 гектар.

Поголовье в ТОО, крестьянских и фермерских хозяйствах составляет: крупного рогатого скота 198, из них маточное поголовье 76 голов, 107 голов лошадей, мелкого рогатого скота 9 голов.

Площадь пастбищ составляет 3400 гектар.

Для обеспечения сельскохозяйственных животных по сельскому округу Бирлик имеются всего 4292 гектар пастбищных угодий. В Бирликском сельском округе сервитуты для прогона скота не установлены.

На основании вышеизложенного, согласно статьи 15 Закона Республики Казахстан «О пастбищах» для нужд местного населения (с.Бирлик) по содержанию маточного (дойного) поголовья сельскохозяйственных животных

при имеющихся пастбищных угодьях населенных пунктов в размере 3388 га, потребность больше +904 га, при норме нагрузки 11 га/гол. Сложившуюся потребность пастбищных угодий необходимо восполнить за счет выкупа земель для государственных нужд.

Имеется потребность пастбищных угодий по выпасу других сельскохозяйственных животных местного населения в размере 12502 га, при норме нагрузки на голову КРС – 11 га/гол., МРС – 2,2 га/гол., лошадей – 13,2 га/гол.

Потребность:

для КРС- 607 гол. * 11 га/гол.=6677га;

для МРС- 1881 гол. * 2,2 га/гол.= 4138 га;

для лошадей- 453 гол. * 13,2 га/гол.=5979 га.

6677+4138+5979=16794 га.

Сложившуюся потребность пастбищных угодий в размере 16794 га.


За счет перевода поголовья сельскохозяйственных животных местного населения Бирликского сельского округа на отдаленные пастбища Кызылкумского сельского округа, согласно приложению к настоящему плану, необходимо возместить оставшуюся потребность в 4292 га пастбищных угодий на площади 12502 га.

Приложение 1

**СПИСОК
СОБСТВЕННИКОВ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ НА ТЕРРИТОРИИ БИРЛИКСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА**

№	Наименование землепользователей земельных участков	Площадь пастбищ, (га)	Наличие скота по видам, (гол)			Норма потребности пастбищ на 1 гол., (га)			Потребность пастбищ, (га)				Излишки пастбищ, (га)
			КРС	МРС	Лошади	КРС	МРС	Лошади	КРС	МРС	Лошади	Итого (га)	
1	ТОО «Алшын»	2800	-	-	-	11	2,2	13,2	-	-	-	-	+2800
2	КХ «Шакизада» руководитель С.Мәлиев.	180	92	-	36	11	2,2	13,2	1012	-	475	1487	-1307
3	КХ «Әбдір Б» руководитель Б.Әбдір.	75	4	-	67	11	2,2	13,2	44	20	515	579	-504
4	КХ «Иманбаева» руководитель Иманбаева К	100	15	-	-	11	2,2	13,2	165	-	-	165	-65
5	КХ «Аташова Айпатша»	245	-	-	-	11	2,2	13,2	-	-	-	-	+245
	Итого	3400	111	-	75				1221	-	990	2231	1169

**Приложение1
к Плану по управлению
пастбищами и их
использованию
в Бирликском сельском
округе
на 2024-2025 годы**

СХЕМА (КАРТА) РАСПОЛОЖЕНИЯ ПАСТБИЩ НА ТЕРРИТОРИИ БИРЛИКСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА В РАЗРЕЗЕ КАТЕГОРИЙ ЗЕМЕЛЬ, СОБСТВЕННИКОВ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ И ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАТЕЛЕЙ НА ОСНОВАНИИ ПРАВОУСТАНАВЛИВАЮЩИХ ДОКУМЕНТОВ

Марқұм Рахмет баласы Орысбай ағамыз өсіп-өнген, өмірі өнеге азамат еді. Сол кісі үш жасар Назерке, алты айлық Киікбай есімді немерелерін аз ғана уақытқа үйде қалдырып есігін құлыптап кетеді. Сәлден соң үй телефонына бір туысы қоңырау шалады. Телефон

ҮЙДЕ КИІКБАЙ БАР

тұтқасын үш жасар Назерке көтереді. Тәтті тілімен дұрыс сөйлей алмай тұрған сәби екенін аңғарған әлгі кісі: «Сеннен басқа үйде ересек адам бар ма?» -дейді.
- Киікбай бар,- дейді Назерке. Бірнеше рет телефон тұтқасын көтерген Назеркеге

әлгі хабарласқан үлкен кісі «Ау, жаңағы Киікбай қашан келеді, өзің оған айттың ба?»,- деп тағатсызданады.
Иә, қазір, -деп кетіп қалған Назерке шырылдаған телефонның тұтқасын тағы көтереді.
-Киікбай неге келмей

жатыр?,-дейді әлгі кісі. Үш жасар Назерке:
-Киікбай бесікте жатыр, қол аяғын шеше алмадым,- деп жауап беріпті.
Қазіргі уақытта сол кездегі сүйкімді Назерке мен Киікбай жоғары білім алған мамандар.
**Беганыш Жақсыбай,
Әйтеке би кенті**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru
Таралымы 11097 дана.